

Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 20 наурыздағы N 68 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

" Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында "
жариялануға тиіс

Қазақстанның саяси жүйесін жаңарту және еліміздегі демократиялық өзгерістерді тереңдету мәселелері жөніндегі жалпыұлттық үндесуді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Мемлекеттік комиссия туралы ереже ;
- 2) Мемлекеттік комиссияның құрамы бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 қарашадағы N 1467 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 44, 544-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 0

н а у р ы з д а ғ ы

N

6 8

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Мемлекеттік комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік комиссияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері

4. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау;
- 2) қоғамдық-саяси жүйенің демократиялық негіздерінің даму барысын талдау, қоғам мен мемлекеттің одан әрі саяси жаңаруына бағытталған заңнамалық және өзге де шараларды тұжырымдау;
- 3) мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың және азаматтық қоғамның өзге де институттарының саяси жүйені жаңартуға бағытталған шараларды тұжырымдау мен іске асыру жөніндегі келісімді іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 4) демократиялық өзгерістерді талқылау мен іске асыруға жағдай жасау және оған жалпыұлттық қатысуды ұйымдастыру болып табылады.

3. Мемлекеттік комиссияның өкілеттіктері

5. Мемлекеттік комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында: демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының жобасын әзірлейді;

Қазақстанның саяси жүйесін одан әрі демократияландыруға байланысты мәселелер бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады, сондай-ақ ұсынымдарды енгізеді;

өз қызметінің жекелеген мәселелері мен бағыттары бойынша ұсыныстарды тұжырымдау үшін жұмыс топтарын құрады;

Мемлекеттік комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мамандарды, ғалымдар мен сарапшыларды, соның ішінде шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін тартады;

Р 9 9 0 9 0 1 ; Р 0 1 0 8 3 6

Мемлекеттік комиссия міндеттерін іске асыруға қажетті құжаттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан сұратады және алады;

Мемлекеттік комиссия құзыретінің мәселелері жөніндегі заң жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасайды;

Мемлекеттік комиссия қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдар басшылары мен өзге де лауазымды тұлғаларды тыңдайды;

Мемлекеттік комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын қарайды;

статистикалық, талдамалық, әдістемелік және өзге де ақпараттық материалдарды қарау үшін тиісті мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жібереді;

Мемлекеттік комиссияның міндеттерінен туындайтын өзге де шараларды жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік комиссияның құрамы

6. Мемлекеттік комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және Мемлекеттік комиссия мүшелерінен құралады.

7. Мемлекеттік комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

Т ө р а ғ а :

Мемлекеттік комиссияның қызметіне жалпы басшылық жасайды, оның жұмыс жоспарын бекітеді;

Мемлекеттік комиссия отырыстарының өтетін орны мен уақытын белгілейді;

Мемлекеттік комиссия отырыстарына төрағалық етеді;

Мемлекеттік комиссия төрағасы орынбасарының міндеттерін айқындайды.

8. Мемлекеттік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, Мемлекеттік комиссия төрағасының міндеттерін, соның ішінде Мемлекеттік комиссия отырыстарында төрағалық етуді оның орынбасары атқарады.

9. Төрағаның орынбасары төраға, осы ереже және Мемлекеттік комиссия жұмысының регламенті (ол қабылданған жағдайда) айқындап берген өз құзыретінің шегінде Мемлекеттік комиссияның қызметімен байланысты мәселелермен айналысады.

10. Мемлекеттік комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы; Парламент палаталары төрағаларының орынбасарлары; тіркелген саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің басшылығынан, Қазақстан Республикасы Парламентіндегі депутаттық фракциялардың басшылығынан бір өкілден; Қазақстан Республикасы Парламентінің қос палатасының депутаттары; Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері; қоғам қайраткерлері және ел Президенті айқындайтын өзге де адамдар кіреді.

5. Мемлекеттік комиссияның жұмысын ұйымдастыру

11. Мемлекеттік комиссияның жұмысы оның отырыстарын, соның ішінде өңірлерге шығып өткізілетін отырыстарын, жұмыс топтарының отырыстары мен "дөңгелек үстелдер" өткізу, конференциялар мен өзге де іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік комиссияның отырыстары (бұдан әрі - отырыс) қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Отырысқа Мемлекеттік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда, ол заңдық құқылы болып табылады.

13. Отырысқа төрағалық етуші:
отырыстың күн тәртібі мен жұмысының реті туралы хабардар етеді;
отырыстың осы ережеге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді;
ұсыныстардың түсу ретіне орай шығып сөйлеу үшін сөз береді, ал қажет болған жағдайларда ондай өзгерістің себебін хабарлай отырып сөйлеу кезегін өзгерттеді;

отырыстағы талқылаудың қорытындысын шығарады және хаттамаға қол қояды.

14. Мемлекеттік комиссияның мүшелері:
Мемлекеттік комиссияның қызметін жетілдіру, соның ішінде Мемлекеттік комиссия жұмысының жоспары, оның отырыстарының күн тәртібі мен мәселелерді талқылау реті жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Мемлекеттік комиссияның отырыстарына материалдарды, оның шешімдерінің жобаларын дайындауға және Мемлекеттік комиссия қарайтын

мәселелерді талқылауға қатысады.

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беру құқығы болмайды және оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

15. Мемлекеттік комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады, отырыста ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады.

Мемлекеттік комиссияның шешімдері отырысқа қатысып отырған Мемлекеттік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданды деп саналады.

Талқыланатын мәселе бойынша дауыстар тең түскен жағдайда, төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

Мемлекеттік комиссияның мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін айтуға хақылы.

16. Мемлекеттік комиссияның отырысына төрағалық етушінің шешімімен Мемлекеттік комиссия құрамына кірмейтін Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшылар шақырылуы мүмкін. Мемлекеттік комиссияның отырысына шақырылған адамдар дауыс беруге қатыспайды.

17. Мемлекеттік комиссия осы ережеде көзделмеген, оның жұмысының ұйымдастырушылық мәселелерін реттейтін регламент қабылдауға хақылы.

18. Мемлекеттік комиссияның қызметін ақпараттық-сараптау және ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі болып табылады.

Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы:

Мемлекеттік комиссияның жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің ұсыныстары мен ол бұрын қабылдаған шешімдердің негізінде отырыстардың күн тәртібінің жобасын түзеді;

Мемлекеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

Мемлекеттік комиссияның мүшелеріне Мемлекеттік комиссияның кезекті отырысының өтетін орны, уақыты мен күн тәртібі туралы хабарлайды, оларды қажетті ақпараттық-анықтамалық материалдармен дер кезінде қамтамасыз етеді;

жұмыс топтарының қызметін, конференциялар мен "дөңгелек үстелдер" өткізуді ұйымдастырады;

Мемлекеттік комиссияның ұсынымдарын тиісті мемлекеттік органдарға қарауға жібереді.

19. Мемлекеттік комиссияның төрағасы не оның орынбасары Мемлекеттік комиссияның мүшелерін қабылданған шешімдердің іске асырылу барысы туралы ұдайы хабардар етіп отырады.

20. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар Мемлекеттік комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындауына жәрдемдесуге міндетті.

21. Мемлекеттік комиссия шешімдерінің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы
N 6 8 Ж а р л ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар
бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік
комиссияның**

ҚҰРАМЫ

Назарбаев - Қазақстан Республикасының
Нұрсұлтан Әбішұлы Президенті, төраға
Әбдікәрімов - Қазақстан Республикасының
Оралбай Мемлекеттік хатшысы, төрағаның
орынбасары

Мемлекеттік комиссияның мүшелері:

Әбділдин - Қазақстанның Коммунистік
Серікболсын Әбділдаұлы партиясының бірінші хатшысы
(келісім бойынша)

Әуезов - Республикалық ұлттық кітапхананың
Мұрат Мұхтарұлы бас директоры (келісім бойынша)

Ахметов - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері
Серік Нығметұлы мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық
одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің
атқарушы директоры (келісім бойынша)

Бәйменов - Қазақстанның "Ақ жол"
Әлихан Мұхамедияұлы демократиялық партиясының төрағасы
(келісім бойынша)

Дьяченко Қазақстан Республикасы Парламенті
Сергей Александрович - Мәжілісі Төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Ермұхамет Қабиденұлы ақпарат және спорт министрі

- Жағанова Республикалық "Руханият"
Алтыншаш Қайыржанқызы - партиясының төрайымы (келісім
бойынша)
- Жолдасбеков - Президенттік мәдениет орталығының
Мырзатай директоры
- Жұмағұлов - Республикалық "Отан" саяси
Бақытжан Тұрсынұлы партиясы төрағасының міндетін
атқарушы (келісім бойынша)
- Қалиев - Қазақстанның "Ауыл" социал-
Ғани Әлімұлы демократиялық партиясының төрағасы
(келісім бойынша)
- Қасымов - Қазақстанның Патриоттар
Ғани Есенгелдіұлы партиясының төрағасы (келісім
бойынша)
- Кенжин - Қазақстан Коммунистік халық
Төлеш Әукебайұлы партиясының Орталық комитетінің
хатшысы (келісім бойынша)
- Клебанова - Қазақстан Республикасы Парламенті
Дарья Владимировна Мәжілісінің депутаты (келісім
бойынша)
- Көпеев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Мұхамбет Жұманазарұлы Сенаты Төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)
- Мадинов - Қазақстан Республикасы Парламенті
Ромин Ризұлы Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның
Аграрлық партиясының төрағасы,
"АИСТ" қоғамдық бірлестігінің
депутаттық фракциясының жетекшісі
(келісім бойынша)
- Мұқашев - Қазақстан кәсіподақтары
Сиязбек Өнербекұлы федерациясының төрағасы (келісім
бойынша)
- Назарбаева - Қазақстан Республикасы Парламенті
Дариға Нұрсұлтанқызы Мәжілісінің депутаты, Республикалық
"Асар" партиясының төрайымы (келісім
бойынша)
- Нәрікбаев - Қазақстанның Демократиялық
Мақсұт Сұлтанұлы партиясының төрағасы (келісім
бойынша)

- Оразалинов - Қазақстан Республикасы Парламенті
Шәймерден Әбілмәжінұлы Мәжілісінің депутаты, Республикалық
"Отан" саяси партиясы депутаттық
фракциясы жетекшісінің орынбасары
(келісім бойынша)
- Өтемұратов - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Болат Жәмитұлы Кеңесінің Хатшысы
Перуашев - Қазақстанның Азаматтық партиясы
Азат Тұрлыбекұлы Орталық комитетінің бірінші хатшысы
(келісім бойынша)
- Рогов - Қазақстан Республикасы
Игорь Иванович Конституциялық Кеңесінің Төрағасы
Сиврюкова - Қазақстанның үкіметтік емес
Валентина Андреевна ұйымдары конфедерациясының
президенті - Қазақстанның Азаматтық
альянсының президенті (келісім
бойынша)
- Сүлейменов - Қазақстан Республикасының
Олжас Омарұлы ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі
Сұлтанов - Қазақстан Республикасы Парламенті
Қуаныш Сұлтанұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Тәжин - Қазақстан Республикасы Президенті
Марат Мұхамбетқазыұлы Әкімшілігі Басшысының бірінші
орынбасары
- Терещенко - Қазақстан халықтары Ассамблеясы
Сергей Александрович төрағасының орынбасары
Тұяқбай - "Әділетті Қазақстан үшін"
Жармахан Айтбайұлы қозғалысының төрағасы (келісім
бойынша)